



Автор: Тыныштық Асемгул Байболқызы

Пән: Жаратылыстану

Сынып: 3-сынып

Бөлім: Заттар және олардың қасиеттері. Табиғат ресурстары

Тақырып: Қандай топырақ құнарлы?

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	3.3.4.4 топырақтың құнарлылығын құрамына қарай зерттеу
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: топырақтың құнарлылығын құрамына қарай зерттейді. Көптеген оқушылар: топырақтың құнарлылығы оның құрамына байланысты екенін түсінеді. Кейбір оқушылар: топырақтың құнарлылығына мысал келтіреді.
Тілдік мақсаттар:	Пәнге тән лексика мен терминология: Қара топырақ. Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер: Топырақтың құрамында не бар? Топырақтың қасиеттерін ата. Құнарлылық дегеніміз не?
Күтілетін нәтиже:	Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер: Топырақтың құрамында не бар? Топырақтың қасиеттерін ата. Құнарлылық дегенім
Бағалау критерийлері:	топырақтың құнарлылығын құрамына қарай зерттейді. топырақтың құнарлылығы оның құрамына байланысты екенін түсінеді.
Құндылықтарды дарыту:	Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интернет-ресурстар, дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу;
Пәнаралық байланыс:	Заттар және олардың қасиеттері. Табиғи ресурстар туралы дүниетану пәнінен алған білімдерін қолданады
Бастапқы білім:	Оқушылар «табиғи ресурстар» ұғымының мағынасын түсінеді және оларды жіктей алады. Табиғи ресурстардың түрлерін мен көздерін біледі, олардың адам тіршілігіндегі алатын орнын бағалай алады.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Жаңа топ құру Психологиялық ахуал қалыптастыру: «Гүлмен тілек» (сергіту және топқа біріктіру) Тыңдау дағдыларын дамыту, сондай-ақ оқушыларды қатыстыру арқылы барлығын теңестіру, жағымды ахуал қалыптастыру. Оқушыны бір-біріне тілек айту арқылы жақындастырады, көңіл күйін көтереді, бауырмалдығын оятады. Оқушылар арнайы дайындалып келген гүлді алақандарына салып тұрып, бір-біріне тілек тілейді және гүлдің астына жазылған сөздер бойынша топқа біріктіріледі. 1-топ «Сары гүлдер» 2-топ «Көк гүлдер» 3-топ «Қызыл гүлдер» Жұмыс ережесін келісу Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! Уақытты үнемдейміз! Нақты, дәл жауап береміз! Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз! Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда) «Барлық оқушылармен жұмыс» Бұл жұмыс түрі бүкіл сынып оқушыларының бір мезгілде жұмысқа жұмылдырылуын қамтамасыз етеді. Оқушылардың барлық сұрақтарына мұғалім жұмыстың алдында жауап беруі тиіс, бұл оқушыларды да, мұғалімді де алаңдатпайды. □ Топырақта су қалай қозғалады? □ Қандай топырақтың құрамында ауа болады? □ Топыраққа ауа не үшін қажет?	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	Ширату тапсырмасы. «Баяндама» Мұғалім оқушыларға мәтінді оқуға, соңынан оның мазмұнын сурет, сызба түрінде беруді ұсынады. Бұл «шпаргалканы» оқушы оң жағындағы көршісіне береді. Енді әрқайсысы өз көршісінің суреттерін не сызбаларын қолдана отырып, осы мәтін бойынша «баяндама» жасайды. «Баяндама» мазмұнын неғұрлым кең ашып, оны қорғап, ең жақсы өрнекті ұсынған оқушы жеңімпаз болады. □ Топырақтың құрамында не бар? □ Топырақтың қасиеттерін ата. □ Құнарлылық дегеніміз не?	
Сабақтың соңы	Жаңа білім мен тәжірибені қолдану Топтық жұмыс. «Галлерияда ой шарлау» Берілген тақырыпта топтық жұмысы жүргізіліп, сұрақ қабырғаға ілінеді де, оқушылар жүріп, аралап, оған әр оқушылар кішкене жапсырма қағазға бағасын беріп, пікірін жазып жабыстырып кетеді. Ең жақсы баға алған топтың жұмысы қаралады. ҚБ: Бағдаршам көздері арқылы бір-бірін бағалау. «Былғары қолғап» Ойын шарты: үш адамнан тұратын топтарға бөлініңдер: екі ойыншы, бір төреші. Мұғалім нұсқаған уақытта берілген тақырып бойынша сұрақ-жауап сағатын ұйымдастырасыңдар. Ол қарсыласың тоқтап қалғанша жалғаса береді. Төреші есеп жүргізіп отырады. Рөлдермен ауысып жүргізуге болады. Ойлан. Қыста топыраққа не болатынын сұраңыз (ол қармен жабылады, тынығады). «Көктемде қарға не болады?» (қар ериді, су топыраққа сіңеді) «Адам құрғақ топырақты барынша ылғалмен қамтамасыз ету үшін не істеуі қажет?» (алқаптарға көбірек қар үю). Осындай әрекет «қар тоқтату» деп аталатынын айтыңыз. Оның қандай топырақтарға көбірек керек екендігін сұраңыз. Неге? (құмды топырақтарға, өйткені, ол басқаларға қарағанда өсімдіктерге қажетті ылғалды нашар сақтайды.	
Рефлексия	Рефлексия (жеке, жұпта, топта, ұжымда) Оқушылар «Тазалық» әдісі бойынша сабаққа кері байланысты ауызша айтты.	